

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 1903 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 5 қарашадағы N 1154 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы N 116 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.07. N 116 Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мемлекеттік білім беру ұйымдарында оқитындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендияларды тағайындау мен төлеудің тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 1903 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 54, 538-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбындағы және 1-тармақтағы "білім беру ұйымдарында оқитындардың" деген сөздердің алдындағы "Мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын; көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарында оқитындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендияларды тағайындау мен төлеудің тәртібі туралы нұсқаулықта:

тақырыбындағы және мәтіндегі "білім беру ұйымдарында оқитындардың", "білім беру ұйымдарында оқитын", "білім беру ұйымдарында оқитындар" деген сөздердің алдындағы "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

3 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік білім тапсырысы (гранты) негізінде білім беру ұйымдарының күндізгі бөлімдерінде, сондай-ақ кәсіптік бастауыш білім беретін мекемелерде оқитындардың мемлекеттік стипендиялар тағайындалатын және төленетін жекелеген санаттарына мыналар жатады:";

5) тармақшадағы "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

7-тармақтағы "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

22-тармақтағы "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

24-тармақтағы "оқу орнынан" деген сөздердің алдындағы "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

27-тармақтың 3) тармақшасы алынып тасталсын;

28-тармақтағы "білім беру ұйымы деген сөздердің алдындағы "мемлекеттік"

деген сөз алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарында оқитындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендияларды тағайындау мен төлеудің тәртібі туралы нұсқаулықтың қосымшасында:

тақырыбындағы "білім беру ұйымдарында оқитындардың" деген сөздердің алдындағы "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК